

2013 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 21 қазандағы N 298 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 20 қарашада N 4540 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 15 қаңтардағы N 5-қ қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 15.01.2014 N 5-қ қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Арал ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қосымшаға сәйкес 2013 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Алданов Әділхан Шанжарханұлына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің
міндетін атқарушы *Е. Раймбетов*

Аудан әкімдігінің
2013 жылғы "21" қазандағы
N 298 қаулысына қосымша

2013 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

N	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)		Мектепке дейінгі мөлшері (теңге)
				Мектеп жанындағы толық	Мемлекеттік мектеп ұйымдардағы ақысының ай сайынғы мөлшері

	ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы		Балабақшалар	к ү н д і к шағын-орталықтар	(Алты еселенге көрсеткіштен а
1	Арал ауданы	925	20 039	14 492	9605

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК